

2019 - 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 30 қарашадағы № 197-VI ҚРЗ.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы Заң 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

1-бап. 2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет тиісінше осы Заңға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 10 547 475 255 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер бойынша – 6 871 663 083 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер бойынша – 202 769 538 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 6 884 960 мың теңге;
 - трансферттер түсімдері бойынша – 3 466 157 674 мың теңге;
- 2) шығындар – 11 477 290 810 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 265 647 847 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 381 675 587 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 116 027 740 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 169 172 084 мың теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу – 169 172 084 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы – -1 364 635 486 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 2,1 пайызы;
- 6) бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы – -5 495 623 486 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 8,5 пайызы;
- 7) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 1 364 635 486 мың теңге.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 22.10.2019 № 266-VI Заңымен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

2-бап. 2019 жылға арналған республикалық бюджетте Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін 42 550 000 мың теңге сомасында және әскери полигондарды пайдаланғаны үшін 7 414 430 мың теңге сомасында жалдау төлемақыларының түсімдері көзделсін.

3-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін 2019 жылға арналған түсімдердің көлемдері осы Заңға 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4-бап. Тиісті бюджеттің кірісіне мыналар есепке жатқызылатын болып белгіленсін:

- 1) Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың бюджет түсімдері сыныптамасының "Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық" коды бойынша – жер қойнауын

пайдаланушылардың роялти бойынша берешегі, сондай-ақ салық режимі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша роялти;

2) Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың бюджет түсімдері сыныптамасының "Әлеуметтік салық" коды бойынша – бұрын Зейнетақы қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударылып келген жарналар бойынша берешек, сондай-ақ автомобиль жолдарын пайдаланушылардың бұрын Жол қорына түсіп келген аударымдары.

Бұл ретте салық режимі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер жоғарыда көрсетілген аударымдарды немесе әлеуметтік салықты "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдардың сомасына азайтады.

5-бап. 2019 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қаланың, астана бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың көлемдері 285 972 085 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Атырау облысынан – 105 177 356 мың теңге;

Маңғыстау облысынан – 35 365 489 мың теңге;

Алматы қаласынан – 115 389 732 мың теңге;

Нұр-Сұлтан қаласынан – 30 039 508 мың теңге.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда – ҚР 13.04.2019 № 246-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-бап. 2019 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттерінен трансферттер түсімдері:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу мерзімін 2018 жылдан 2020 жылға ауыстыруға байланысты – 49 850 854 мың теңге;

орта білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды сынақтан өткізу жобасынан Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстарының ауылдық мектептерін алып тастауға байланысты – 2 384 658 мың теңге;

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс берушілердің міндетті

әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдары бойынша мөлшерлемелерді азайтуға байланысты – 24 205 306 мың теңге;

"Есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік-психологиялық оңалту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін күтіп-ұстауға арналған шығыстарды беруге байланысты – 65 660 мың теңге;

"Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" 2016 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының қолданысы кезеңіне Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" 2018 жылғы 19 маусымдағы № 702 Жарлығына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының өзгеруіне және Шымкент қаласының республикалық маңызы бар қала санатына жатқызылуына байланысты 32 700 340 мың теңге көзделсін.

Облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттерінен трансферттердің көрсетілген сомаларының республикалық бюджетке түсімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

7-бап. 2019 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт мөлшері 2 700 000 000 мың теңге сомасында көзделсін.

Ескерту. 7-бап жана редакцияда – ҚР 13.04.2019 № 246-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-1-бап. 2019 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған мақсаттарға нысаналы трансферт 370 000 000 мың теңге сомасында көзделсін.

Ескерту. Заң 7-1-баппен толықтырылды – ҚР 13.04.2019 № 246-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-бап. 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;
- 2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 16 037 теңге;
- 3) зейнетақының ең төмен мөлшері – 36 108 теңге;
- 4) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 525 теңге;
- 5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 29 698 теңге болып белгіленсін.

9-бап. Жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне жұмсалатын қаражат 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап олардың мөлшерлерін жеті пайызға көтеру ескеріле отырып көзделген деп белгіленсін.

10-бап. 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленсін.

11-бап. 2019 жылға арналған республикалық бюджетте республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемдері 1 584 148 603 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

- Ақмола облысына – 104 474 017 мың теңге;
- Ақтөбе облысына – 55 812 434 мың теңге;
- Алматы облысына – 153 723 098 мың теңге;
- Шығыс Қазақстан облысына – 163 954 224 мың теңге;
- Жамбыл облысына – 161 934 587 мың теңге;
- Батыс Қазақстан облысына – 51 393 369 мың теңге;
- Қарағанды облысына – 100 730 628 мың теңге;
- Қызылорда облысына – 137 165 718 мың теңге;
- Қостанай облысына – 110 192 744 мың теңге;
- Павлодар облысына – 46 106 965 мың теңге;
- Солтүстік Қазақстан облысына – 96 360 248 мың теңге;
- Түркістан облысына – 402 300 571 мың теңге.

12-бап. 2019 жылға арналған республикалық бюджетте "Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" 2016 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының қолданысы кезеңіне Шымкент қаласының бюджетіне Шымкент қаласының республикалық маңызы бар қала санатына жатқызылуына байланысты бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейін теңестіруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер 33 840 507 мың теңге сомасында көзделсін.

13-бап. 2019 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне:

- 1) ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыныптық біліктілігі үшін үстемеақы мөлшерлерін ұлғайтуға;
- 2) ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге;
- 3) патрульдік полицияның саптық бөлімшелерінің қызметкерлеріне, учаскелік полиция инспекторларына және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларына тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы төлеуге;

- 4) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге;
- 5) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандыру шеңберінде субсидиялауға;
- 6) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға;
- 7) ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға;
- 8) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялауға;
- 9) орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ауылдық жерде жұмыс істейтін азаматтық қызметшілерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге;
- 10) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;
- 11) халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге;
- 12) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге;
- 13) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;
- 14) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;
- 15) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге;
- 16) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;
- 17) азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;
- 18) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;
- 19) орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;
- 20) алып тасталды – ҚР 13.04.2019 № 246-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 21) алып тасталды – ҚР 13.04.2019 № 246-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 22) алып тасталды – ҚР 13.04.2019 № 246-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа

енгізіледі) Заңымен;

23) алып тасталды – ҚР 13.04.2019 № 246-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

24) алып тасталды – ҚР 13.04.2019 № 246-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

25) алып тасталды – ҚР 13.04.2019 № 246-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

25-1) бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

25-2) жұмысшы біліктіліктері бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға стипендия мөлшерін ұлғайтуға;

25-3) көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары үшін жоғары білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға;

26) медициналық ұйымның жыныстық құмарлықты төмендететін, сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын іс-шараларды өткізуіне;

27) жергілікті деңгейде денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға;

28) вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;

29) саламатты өмір салтын насихаттауға;

30) ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;

31) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

32) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға;

32-1) аз қамтылған көп балалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға;

32-2) жұмыс істейтін жастарға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғынжайын сатып алуға;

33) ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауызсу беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға;

33-1) "Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;

33-2) мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге;

33-3) "Бизнестің жол картасы – 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беруге;

34) төмен ақы төленетін қызметкерлердің жалақысының мөлшерін көтеру үшін олардың салықтық жүктемесін төмендетуге байланысты шығасыларды өтеуге бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің осы баптың бірінші бөлігінің 14) және 15) тармақшаларында көрсетілген, 2019 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 13.04.2019 № 246-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.07.2019 № 263-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне облыс орталықтарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Семей қалаларында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге 2019 жылға арналған кредиттер сомаларын бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда – ҚР 13.04.2019 № 246-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы" 2019 жылғы 26 маусымдағы № 34 Жарлығына сәйкес 2019 жылғы 26 маусымдағы жағдай бойынша көпбалалы отбасыларға, асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты төлем алатын отбасыларға, мүгедек балалары бар, 18 жастан асқан бала кезінен мүгедектері бар отбасыларға, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатындарға, жетім балаларға, ата-анасынан кәмелеттік жасқа дейін айырылған, жиырма тоғыз жасқа толмаған, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жататын адамдардың кепілсіз тұтынушылық қарыздары бойынша екінші деңгейдегі банктердегі және микроқаржы ұйымдарындағы берешектері өтелуге жатады деп белгіленсін.

Ескерту. Заң 14-1-баппен толықтырылды – ҚР 05.07.2019 № 263-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-2-бап. Екінші деңгейдегі банктердегі және микроқаржы ұйымдарындағы кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайтуға, төлем қызметтерін көрсеткені үшін комиссия төлеуге арналған қаражатты пайдалану, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарына айыппұлдар мен өсімпұлды есептен шығару тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Ескерту. Заң 14-2-баппен толықтырылды – ҚР 05.07.2019 № 263-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-бап. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасының іс-шараларын іске

асыруға арналған қаражатты бөлу және (немесе) пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда – ҚР 13.04.2019 № 246-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. "Қарағандышахтатарату" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілген, таратылған шахталардың жұмыскерлеріне келтірілген залалды өтеуге берілетін қаражатты бөлу және (немесе) оны пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

17-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылға арналған резерві 167 696 763 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 22.10.2019 № 266-VI Заңымен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

18-бап. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2019 жылға арналған шығындарының құрамында мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыруға және сақтауға республикалық бюджет кірістерінде жаңарту тәртібінде шығарылған материалдық құндылықтарды өткізуден түскен 6 884 960 мың теңге сомасындағы қаражатты көрсете отырып, 10 947 307 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда – ҚР 13.04.2019 № 246-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 2019 жылға арналған шығындарының құрамында мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша міндеттемелерді орындауға "ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына аудару үшін 21 223 199 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 22.10.2019 № 266-VI Заңымен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

20-бап. 2019 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету үшін 761 109 мың теңге көзделсін.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 22.10.2019 № 266-VI Заңымен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

21-бап. 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша таратылған заңды тұлғаларға мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген кредиттер мен қаражат жөніндегі, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғалардың тізбесі және берешек көлемдері жөніндегі талаптары тоқтатылады деп белгіленсін.

22-бап. 2019 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті 1 500 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

23-бап. 2019 жылғы 31 желтоқсанға үкіметтік борыш лимиті 13 000 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

24-бап. 2019 жылға мемлекеттің кепілгерлік беру лимиті 338 513 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

24-1-бап. 2019 жылға экспортты қолдау бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті 102 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

Ескерту. Заң 24-1-баппен толықтырылды – ҚР 05.07.2019 № 263-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 22.10.2019 № 266-VI Заңымен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

25-бап. 2019 жылға Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті 1 361 944 580 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

26-бап. 2019 жылға арналған республикалық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі осы Заңға 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2019 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде осы Заңға 6-қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

27-бап. Осы Заң 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

"2019 - 2021 жылдарға арналған
республикалық бюджет туралы"
2018 жылғы 30 қарашадағы
Қазақстан Республикасының
№ 197-VI ҚРЗ Заңына
1-ҚОСЫМША

2019 жылға арналған республикалық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР 22.10.2019 № 266-VI Заңымен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты	Атауы	Сомасы, мың теңге		
		Сыныбы	Ішкі сыныбы	
				10 547
				I. Кірістер 475
				255
1			Салықтық түсімдер	6 871 663 083

01		Табыс салығы	2 022 209 100	
1	Корпоративтік табыс салығы	2 022 209 100		
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	3 344 341 357	
1	Қосылған құн салығы	2 799 004 568		
2	Акциздер	117 985 428		
3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	399 721 306		
4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	5 579 352		
5	Ойын бизнесіне салық	22 050 703		
06		Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар	1 465 932 964	
1	Кеден төлемдері	1 442 337 300		
2	Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар	23 595 664		
08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	39 179 662	
1	Мемлекеттік баж	39 179 662		
2			Салықтық емес түсімдер	202 769 538
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	136 960 155	
1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	4 381 841		
3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	66 071 471		
4	Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	2 843 595		
5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	52 153 597		
6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	1 346 021		

7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	2 555 997	
9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	7 607 633	
02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	3 246 252
1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	3 246 252	
03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	73 334
1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	73 334	
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	23 055 846
1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын	23 055 846	

	мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар			
05		Гранттар	2 138 453	
2	Қаржылық көмек	2 138 453		
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	37 295 498	
1	Басқа да салықтық емес түсімдер	37 295 498		
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	6 884 960
02		Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	6 884 960	
1	Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	6 884 960		
4			Трансферттердің түсімдері	3 466 157 674
01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	396 157 674	
1	Облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттерінен трансферттер	396 157 674		
04		Ұлттық қордан трансферттер	3 070 000 000	
1	Республикалық бюджетке Ұлттық қордан трансферттер	3 070 000 000		
Функционалдык топ	Атауы	Сомасы, мың теңге		
		Әкімші		
			Бағдарлама	
				11 477 290 810
				П. Шығындар
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	502 601 135
101		Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі	7 334 992	
001	Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	5 800 650		

002	Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін болжамды-талдамалық қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	454 365	
003	Мұрағат қорының, баспа басылымдарының сақталуын қамтамасыз ету және оларды арнайы пайдалану жөніндегі қызметтер	312 929	
007	Орталық коммуникациялар қызметінің жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	174 648	
009	Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	592 400	
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	2 576 203
001	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 576 203	
106		Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық	112 751
001	Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау жөніндегі қызметтер	83 521	
008	Азаптаулардың алдын алу жөніндегі Ұлттық алдын алу тетігін нығайту	29 230	
107		Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Аппараты	285 679
001	Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету жөнінде көрсетілетін қызметтер	285 679	
108		Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Кеңесі	1 912 400
001	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	862 203	

008	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 050 197	
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	78 057 093
001	Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстық-атқару жүйесі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және оның іске асырылуын ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	78 057 093	
204		Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі	75 076 125
001	Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер	50 008 815	
003	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау	238 299	
005	Шетелдік іссапарлар	3 896 511	
008	Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету	118 506	
013	Халықаралық ұйымдарда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғылық және басқа органдарында Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру	403 022	
017	Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға, өзге де халықаралық және басқа органдарға қатысуы	16 732 636	
019	Ақпараттық-имидждік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету	3 613 609	
020	Орталық Азия елдерінде гендермен байланысты тұрақты даму мақсаттарының ұлттандыруына жәрдем көрсету	64 727	
		Қазақстан Республикасы Экология, геология және	

207		табиғи ресурстар министрлігі	10 320 541
001	<i>Экология, геология және табиғи ресурстар саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер</i>	10 320 541	
209		Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі	5 007 306
001	<i>Ақпарат және қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру</i>	3 454 369	
002	<i>Қоғамдық келісім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру</i>	1 552 937	
211		Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі	2 706 977
001	<i>Ішкі және сыртқы сауда саясатын қалыптастыру және іске асыру, халықаралық экономикалық интеграция, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, техникалық реттеу, стандарттау және өлшем бірлігін қамтамасыз ету, шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру</i>	2 706 977	
217		Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	97 341 603
001	<i>Бюджеттік жоспарлауды, орындалуын және мемлекеттік бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету және экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметтер</i>	76 105 590	
002	<i>Халықаралық қаржы ұйымдары қаржыландыратын инвестициялық жобалардың аудитін жүзеге асыру</i>	22 960	
019	<i>Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу</i>	16 953	
030	<i>Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерін құру және дамыту</i>	457 935	
067	<i>Саяси партияларды қаржыландыру</i>	9 258 140	

072	Салық әкімшілігі жүйесін реформалау	522 405	
091	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің объектілерін және инфрақұрылымын салу	10 177 892	
094	Мемлекеттік активтерді басқару	779 728	
223		Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	3 426 263
001	Цифрландыру, инновациялар, аэроғарыш және электрондық өнеркәсіп, ақпараттандыру және байланыс саласындағы ақпараттық қауіпсіздік (киберқауіпсіздік), топографты-геодезия және картография саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	3 209 981	
002	Авариялар мен апаттар кезінде шұғыл шақыру ақпараттық жүйесін құру	216 282	
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	32 990 715
130	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыру	5 175 372	
217	Ғылымды дамыту	27 815 343	
241		Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	2 718 559
001	Энергетика, атом энергиясы, мұнай-газ және мұнай-химия өнеркәсібі саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер	2 718 559	
243		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	30 169 998
		Инвестициялар тарту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыру, экономикалық саясатты дамыту, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және іске асыру, табиғи монополиялар субъектілерінің және	

001	статистика қызметі саласындағы қызметті реттеу, бәсекелестікті қорғауды қамтамасыз ету, өңірлік даму және кәсіпкерлікті дамыту саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер	17 558 489
006	Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды зерттеулердің іске асырылуын қамтамасыз ету	1 219 918
007	Өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және мемлекеттік басқаруды жетілдіру	88 200
057	Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен ынтымақтастығы шеңберінде Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бастамалары мен құралдарына қатысуы	144 822
073	Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобалардың іске асырылуын қамтамасыз ету	5 532 318
081	Статистикалық ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ету	4 954 961
096	Қазақстан Республикасы мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан	671 290

		Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына зерттеулер жүргізу	
249		Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі	40 002 372
001	Өнеркәсіп, қорғаныс өнеркәсібі, бірыңғай әскери-техникалық саясатты және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүргізуге қатысу, қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы басшылық, индустриялық саясатты қалыптастыру, инфрақұрылымды және бәсекелестік нарықты, көлік және коммуникацияны, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	11 430 823	
222	Тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша сыйлықақылар төлеу	28 571 549	
406		Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті	1 817 036
001	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 620 599	
007	Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру	196 437	
608		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі	5 782 183
001	Мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	4 874 677	
	Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хабты институционалдық қолдау және мемлекеттік аппаратты		

008	кәсібилендіру, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін жетілдіру	630 844		
012	Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын тестілеу жөніндегі қызметтер	276 662		
637		Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Аппараты	509 430	
001	Қазақстан Республикасы Конституциясының республика аумағында жоғары тұруын қамтамасыз ету	509 430		
690		Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы	2 558 473	
001	Сайлау өткізуді ұйымдастыру	613 754		
002	Сайлау өткізу	1 944 719		
693		Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы	14 416 326	
001	Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 416 326		
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	87 478 110	
001	Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	85 659 855		
055	Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жанарту	1 818 255		
2			Қорғаныс	702 377 261
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	73 141 025	
060	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы қызметті ұйымдастыру	73 141 025		

208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	302 638 071	
001	<i>Қорғанысты және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және іске асыру жөніндегі қызметтер</i>	2 435 663		
047	<i>Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету</i>	300 202 408		
249		Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі	326 598 165	
004	<i>Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауды қамтамасыз ету</i>	326 598 165		
3			<i>Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі</i>	674 295 123
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	1 116 245	
003	<i>Мемлекеттік мекемелерді фельдъегерлік байланыспен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер</i>	1 116 245		
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	202 791 334	
015	<i>Халықты жеке басты куәландыратын құжаттармен, жүргізуші куәліктерімен, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттармен, нөмірлік белгілермен қамтамасыз ету</i>	16 120 169		
076	<i>Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету</i>	137 345 265		
077	<i>Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру</i>	38 365 212		
078	<i>Ішкі істер органдарының жедел-ізвестіру қызметтерін жүзеге асыру</i>	10 960 688		
217		Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	6 269 665	

096	Жедел - іздестіру қызметін және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру	6 269 665	
221		Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	39 221 167
001	Мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету	11 655 884	
005	Адвокаттардың заңгерлік көмек көрсетуі	1 762 134	
006	Мемлекеттік органдардың заң шығармашылық қызметін ғылыми сүйемелдеу	444 773	
009	Халықты құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету және Бірыңғай құқықтық ақпарат жүйесін жүргізу	1 061 656	
047	Төреліктерде, шетелдік төреліктерде, шетелдік мемлекеттік және сот органдарында, сондай-ақ төрелікке және сотқа дейінгі дауларды реттеу процесінде мемлекеттің мүдделерін қорғау және білдіру, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қатысуымен шетелде өткізілетін сот немесе төрелік талқылаулардың перспективаларын бағалау	15 912 893	
059	Сот төрелігінің секторын институционалды түрде нығайту жобасын іске асыру	1 000 000	
065	Сот сараптамалары бойынша қызметтер	7 383 827	
410		Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті	303 601 144
001	Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	297 851 097	
002	Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	5 750 047	
501		Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	54 044 533
001	Сот органдарының азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғауды қамтамасыз етуі	54 044 533	
502		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	25 457 334

001	Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға тәуелді актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру	24 206 243		
015	Құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етудің жедел жүйесін құру	1 251 091		
624		Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)	19 969 469	
001	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	19 969 469		
681		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі	21 824 232	
001	Күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету	21 794 232		
002	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін дамыту бағдарламасы	30 000		
4			Білім беру	615 073 284
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	372 724	
009	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-ға нысаналы салым	372 724		
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	10 907 936	
079	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кадрларын оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау	10 907 936		
208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	12 521 713	
005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	1 256 657		
011	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	10 599 007		
017	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	666 049		

221		Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	38 817
060	Сот-сараптама кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	38 817	
223		Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	28 993
005	Ғарыш саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	28 993	
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	537 391 447
001	Білім беру және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	7 038 854	
060	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-ға нысаналы салым	21 630 823	
092	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-ға нысаналы салым	11 010 411	
098	Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруге қолжетімділікті қамтамасыз ету	3 957 723	
099	Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету	270 782 623	
203	Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету	7 054 855	
204	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету	200 656 202	
221	Мектепке дейінгі мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	420 995	
222	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	10 696 699	
223	Техникалық және кәсіптік білім беру мемлекеттік ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	287 130	
	Мемлекеттік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары		

224	кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	284 580	
226	Өнімді инновацияларды ынталандыру	3 224 316	
227	Орта білім беруді жаңғырту	346 236	
226		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	30 302 504
003	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	487 145	
005	Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	1 236 136	
006	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	28 579 223	
240		Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	18 984 794
005	Мәдениеттегі және өнердегі дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу	1 376 655	
006	Мәдениет пен өнер саласындағы техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	1 505 847	
007	Мәдениет пен өнер саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	6 444	
038	Спорттағы дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу	4 934 936	
041	Мәдениет пен өнер саласында кадрлар даярлау	11 071 751	
045	Туризм саласында кадрларды даярлау үшін білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша қызметтер	89 161	
243		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	153 376

017	Кәсіпкерлік саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	153 376		
501		Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	480 459	
017	Сот кадрларына жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру, қайта даярлау және біліктілігін арттыру	480 459		
502		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	1 482 172	
018	Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін жоғарылату және жоғары білімнен кейінгі білім беру	1 482 172		
608		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі	2 244 549	
002	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	762 939		
013	Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтер	1 481 610		
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	163 800	
011	Медицина ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	163 800		
5			Денсаулық сақтау	1 203 000 781
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	5 805 547	
014	Әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін емдеу және төтенше жағдай кезінде зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтер	5 805 547		
208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	5 902 872	
008	Қарулы Күштерді медициналық камтамасыз ету	5 902 872		
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	669 595	

019	Балаларды сауықтыру, оңалту және олардың демалысын ұйымдастыру	669 595		
226		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	1 172 262 919	
001	Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	17 792 011		
013	Денсаулық сақтау және х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	1 430 500		
020	Денсаулық сақтау жүйесін реформалау	379 521		
024	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-ға нысаналы салым	1 572 512		
053	Арнайы медициналық резервті сақтауды қамтамасыз ету және денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту	46 263 293		
061	Әлеуметтік медициналық сақтандыру: қолжетімділікті, сапаны, экономикалық тиімділікті және қаржылық қорғауды жақсарту	3 946 396		
066	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде медициналық көмек көрсету және оны сүйемелдеу	380 466		
067	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету	1 051 350 360		
070	Қоғамдық денсаулықты сақтау	49 147 860		
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	18 359 848	
028	Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы медициналық ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	18 359 848		
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	3 245 211 547
212		Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	5 900 000	

266	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік жөніндегі іс-шараларды іске асыру	5 900 000	
213		Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	3 239 311 547
001	Еңбек, халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	4 827 205	
027	Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қамсыздандыру және олардың төлемдерін жүргізу	3 079 582 564	
034	Еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	117 326	
056	Әлеуметтік-еңбек саласын ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету жөнінде көрсетілетін қызметтер, жұмыспен қамту саясатын жаңғырту	1 255 000	
058	Республикалық деңгейде халықты әлеуметтік қорғау және көмек көрсету, сондай-ақ әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру және инфрақұрылымды дамыту	9 158 734	
062	Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	86 935	
066	Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу шеңберінде бағдарламалық жобаларды іске асыру	5 599 737	
067	Халықаралық ұйымдармен бірлесіп атқарылатын жобалардың іске асырылуын қамтамасыз ету	830 030	
	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021		

068	жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру	48 662 144		
080	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен тұтынушылық кредиттер бойынша қалыптасқан берешекті өтеу жөнінде жеке тұлғаларға әлеуметтік қолдау көрсетуге "Проблемалық кредиттер қоры" АҚ-ға нысаналы аударым	89 191 872		
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	331 269 640
241		Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	44 490 592	
043	Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	44 490 592		
249		Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі	286 779 048	
007	Қарағанды облысының бюджетіне жылумен жабдықтау жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	300 000		
011	Маңғыстау облысының облыстық бюджетіне Жаңаөзен қаласы тұрғындарын көшіру үшін Ақтау қаласында тұрғын үйлерді сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 900 000		
226	Алматы облысының бюджетіне тұрғын үйлерді және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салу, жобалау үшін уәкілетті ұйымның жарғылық капиталын қалыптастыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 722 829		

227	Қарағанды облысының бюджетіне бұзылу аймақтарынан тұрғындарды көшіру үшін тұрғын үйлер мен жатақханалар құрылысына берілетін нысаналы даму трансферттері	1 575 000		
228	"Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды іске асыру	144 797 856		
229	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы іс-шараларды іске асыру	135 483 363		
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	139 240 454
209		Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі	54 731 067	
003	Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу	50 174 802		
004	Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету	907 535		
006	Ақпараттық кеңістікті мониторингтеу	35 431		
007	Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын іске асыру	3 613 299		
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	1 783 673	
219	Ғылыми-тарихи құндылықтарға, ғылыми-техникалық және ғылыми-педагогикалық ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету	1 783 673		
240		Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	76 334 017	
001	Мәдениет, спорт және туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	1 442 286		
017	Ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және	19 234		

	қазақстандық патриотизмді нығайту		
021	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	743 105	
033	Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру	43 717 010	
035	Бұқаралық спортты және спорттың ұлттық түрлерін дамытуды қолдау	533 673	
036	Жоғары жетістіктер спортын дамыту	25 991 945	
043	Ұлттық туристік өнімді қалыптастыру мен оны халықаралық және ішкі нарықта ілгерілету	3 778 413	
046	Қолданбалы ғылыми зерттеулер	108 351	
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	6 391 697
006	Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу	728 198	
015	Щучинск–Бурабай курорттық аймағының инфрақұрылымын дамыту	5 417 902	
029	Щучинск –Бурабай курорттық аймағының туристік имиджін қалыптастыру	245 597	
9			<i>Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану</i> 85 083 109
207		Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі	7 052 447
089	Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды және Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерттелуін арттыру	7 052 447	
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	409 295

024	Сейсмологиялық ақпарат мониторингі	409 295		
241		Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	76 780 462	
003	Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	38 806 878		
036	Атомдық және энергетикалық жобаларды дамыту	2 747 525		
041	Жылу-электр энергетикасын дамыту	35 226 059		
249		Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі	840 905	
056	Экономика салаларында энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету	381 205		
244	"Қарағандышахтатарату" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілген, таратылған шахталардың жұмыскерлеріне келтірілген залалды өтеу	459 700		
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	265 415 331
207		Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі	78 714 814	
037	Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту	112 911		
038	Парниктік газдар шығарындыларын қысқарту	135 143		
039	Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті дамыту	7 826 125		
	Технологияларды және үздік тәжірибелерді ілгерілету, бизнес			

044	пен инвестицияларды дамыту арқылы Қазақстанның "жасыл экономикаға" жылдам көшуіне ықпал ету	945 281	
254	Су ресурстарын тиімді басқару	31 317 715	
256	Орман ресурстары мен жануарлар әлемін сақтау мен дамытуды басқару, қамтамасыз ету	22 940 961	
267	Білімнің және ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру	472 657	
268	Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру	14 964 021	
212		Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	181 963 992
001	Ауыл шаруашылығы, табиғатты пайдалану және жер ресурстарын пайдалану саласындағы жоспарлау, реттеу, басқару	13 077 205	
249	Мал шаруашылығын дамыту үшін және мал шаруашылығы өнімін өндіруге, өткізуге жағдай жасау	23 053 017	
250	Қаржылық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру	120 568 603	
255	Өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруді, өткізуді дамыту үшін жағдай жасау	9 448 317	
259	Жер ресурстары туралы ақпаратқа қолжетімділікті арттыру	7 430 708	
